ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 22 мамыр № 4712-25-00-2/1383 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.О.Аташева сот ғимаратында, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Маңғыстау облыстық ғылыми-әдістемелік және мәдени қызмет көрсету орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «WEB PRO MAX» ретінде әрекет етуші Сайткәрім Мақпал Бақытжанқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226- баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Маңғыстау облыстық ғылыми-әдістемелік және мәдени қызмет көрсету орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «WEB PRO MAX» ретінде әрекет етуші Сайткәрім Мақпал Бақытжанқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Документ подписан: Аташева А. О., 22.05.2025
Дата вступления в законную силу: 24.06.2025, судья Аташева А. О., 24.06.2025
4712-25-3-1/1176

Жеке кәсіпкер «WEB PRO MAX» ретінде әрекет етуші Сайткәрім Мақпал Бақытжанқызынан мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімнің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.О.Аташева

Документ подписан: Аташева А. О., 22.05.2025

Дата вступления в законную силу: 24.06.2025, судья Аташева А. О., 24.06.2025

4712-25-3-1/1176